

74.58
Ж 76

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ



"XXI ғасырдағы инновация мен ғылымның дамуындағы жастардың рөлі"
атты "Рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде, «ЕЛ ЖҮРЕГІ – АСТАНА»
Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласының 20-жылдығына
және Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық
университетінің 55-жылдығына арналған студенттер
мен магистранттардың үшінші
республикалық ғылыми-практикалық конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

третьей республиканской научно-практической
конференции студентов и магистрантов
"Роль молодежи в развитии науки и инновации в XXI веке" в рамках
программы "Рухани жаңғыру", посвященной 20-летию столицы
Республики Казахстан – города Астаны «ЕЛ ЖҮРЕГІ - АСТАНА»
и 55-летию Западно-Казахстанского аграрно-технического
университета имени Жангир хана

28-29 наурыз, марта
Орал, Уральск 2018

2. ситуациялық анализ жасау;
3. стратегияның негізгі басымдықтарын анықтау;
4. оның жүзеге асыу үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымды жасау.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, жоғары оқу орындарының дамуы үшін маңызды факторлардың бірі ретінде инновацияны бекітуді айтуға болады. Оған себеп қазіргі әлеуметтік өзгерістер динамикасының және мейлінше бәсекелестік ортаның өсіп тұрған жағдайында жоғары оқу орындарының тек білім берумен шектеліп қалмауы керектігінен туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» ҚР Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы;
2. «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Толковый словарь Ушакова;
4. «Понятие и сущность значения инновационных процессов» Вестник КазНУ, 2015, Саменова З.Б.
5. «Принципы реализации инновационной стратегии высшего учебного заведения». Логунова О.С.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается важность развития инновационной деятельности высшего учебного заведения, его адаптация к современным социально-экономическим условиям, а именно цель, принципы, задачи инновационной деятельности и ее связь с образовательной и научной сферами.

RESUME

In this article there have been examined the importance of the development of innovation activity of the higher educational institution, its adaptation to modern social and economic conditions, exactly, the purpose, principles, objectives of innovation activity and its relationship with the educational and scientific fields.

ӘОЖ 37.017.4

В.А.Есенғалиева, философия ғылымдарының кандидаты, доцент
Д.Есенғалиева, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ДІННІҢ РӨЛІ

Аннотация

Мақалада дінмен астасқан ұлттық тарихтың құндылықтары, діннің қай кезеңде де қоғамдық сананың маңызды түрі ретінде тамыры тереңге жайылған жалпы адамзаттық өркениеттің, рухани игіліктердің құрамдас бөлігі екендігі айтылған.

Түйін сөздер: ислам, мәдениет, өркениет, ұлттық құндылық.

Ислам адамзат тағдырына, мемлекет тағдырына тек саяси тұрғыдан қарамайды. Оның артықшылығы, адамға баға беруінде. Пәк, тақуа, таза, иманды, әділетті. Адам арқылы, қоғамның, ұлттың, мемлекеттің қалыптасуына ықпал жасайды.

Дін мәселесі адамзаттың ең ежелгі және адамзаттың негізгі қажеттілігін өтейтін құндылық. Тарихқа үңілсек діннің өркениетке жетудегі рөлін көреміз. Ислам дінінің шыққан кезеңінің өзін алып қарасак, діннің қаншалықты орасан зор күшке ие екенін көреміз. Ұлтты құратын діні мен тілі. Қазақ елі болғалы бері, шын мәнінде қазақтың ұлттық мәдениеті исламман біте қайнасып кеткен. Ұлттық құндылықтар дегеніміз, ең бірінші адамды тәрбиелеуден басталады. Абай қысқа ғана «Адам бол!» деген сөзбен дүниенің бар сырын ашып берген. Ал адам болудың сыры қайда? Ол ұлттың бұйындағы барлық жақсы қасиеттерді адамның бойына жина деген сөз.

Қандай елдің тарихы болмасын, ол болашаққа мұра болып қалатын дүние. Тарих ғылымы да нақты ғылымдар сияқты мәселенің дәлелді дереккөздері шынайы айқындалғанда ғана ақиқатқа айналады, болжам жасау арқылы тарихты құрастыруымызға құқымыз жоқ. Тарих бай қазына тәрізді, оның түпкі сырына үңілген сайын ақиқатқа даңғыл жол ашыла түседі. Әрбір кезеннің ашылмаған шындығы болуы мүмкін, «ақтың атын ақымақ өшіре алмайды» деген сөз бар. Оған біздің Тәуелсіздігіміз күз. Сондықтан да тұжырымды дәлелдер мен нақты деректер арқылы тарихтың жаңа бетінің ашыла беретіне сенімдімін.

Қазақстан үшін, қазақ ұлтының рухын жандандыру міндетін шешу үшін ең алдымен өзіміздің шынайы тарихымызды, мәдениетіміз бен дінімізді терең пайымдап, сезінуіміз қажет. Әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Қоғамдағы рухани құндылықтар тек адамның жегіліне, кемелденуіне, үйлесімді өмір сүруіне қызмет етуі тиіс.

Құндылықтар әр қоғамның жетілген, дамыған деңгейіне байланысты болады. Ұлттық құндылықтар өнер, ғылым, саясаттан да көрінеді. Ішіндегі ең маңыздысы, адамның ішкі әлемі туралы рухани құндылықтар.

Дін қай кезеңде де қоғамдық сананың маңызды түрі ретінде тамыры тереңге жайылған жаппай адамзаттық өркениеттің, рухани игіліктердің құрамдас бөлігі болып есептеледі. Сондықтан, ол әрбір елдің, әрбір халықтың тұрмыс – тіршілігінен, күнделікті өмірінен өзекті орын алған. Өйткені, дін арқылы адамзат тарасы ықылам заманнан бері қоршаған ортаны танып-білудің, оны рухани меңгерудің жолдарын қарастырып келеді.

Ислам діні бүгінгі таңда жер шары тұрғындарының шамамен төрттен бірі ұстанып, қастерлейтін діні. Ислам діні адамдарды еш уақытта бұлікке, тәртіпсіздікке, жамандыққа үндемейді. Керсінше, адамдарды тазалыққа, адалдық пен әділдікке, имандылыққа, бұзақылық жасамауға шақыратын дін. Сондай-ақ адам құқықтарын таптауға, бейкүнә адамдарға жәбір көрсетуге, лаң салуға, бейбітшілікті бұзуға жол бермейді. Ислам діні сыртқы тазалықпен қатар, ішкі рухани тазалыққа да шақырғандықтан мұсылмандар жүрек тазалығына да қатты көңіл бөлген. Сол себепті өтірік, өсек, біреуді біреумен шағыстыру, балағат сөз, күндеу, қызғаныш секілді нашар қылықтардан бойды аулақ ұстаған. Әрдайым өзіне берілген несібені қанағат тұтып, ешкімнің ала жібін ақтамауға тырысқан. Құдайдың аты, сөзі, Қасиетті кітаптар адалның жақсы болғанын, ар-ұятын, рухын жоғары деңгейде ұстағанын, пендешілікке салынның, рухани құндылықтарды ұмытпағанын калайды, соған шақырады. Адамға Құдайдай ұлт қай кезде де керек.

Дін – адамның қалауы. Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде өз азаматтарының заң жүзінде діни сеніміне, таңдауына және ұстану құқығына кепілдік береді. Діннің адамдарды ұйымдастыруда, олардың іс-әрекеттері мен сезімдерін реттеудегі рөлі айрықша, өйткені дінді пайдаланып асыра сілтеу жақсылыққа алармайды. Қоғамның әр түрлі дінге бөлінуі ұлтты ұйымдастыратын байланыстарды әлсіздендіретін және әлеуметтік бейбітшілікті бұзатын қауіпті фактор.

Қазіргі уақытта дәстүрден тыс діни ағымдар қоғамды іштен ірітіп жатқандығы туралы жиі айтылуда. Дәстүрден тыс діни ағымдардың негізгі мақсаты – қарапайым адамдарды өз мақсат-мүдделеріне пайдалану, сол арқылы материалдық игілікке кенеліп, билікке қол жеткізу. Сондай-ақ мемлекеттің ішкі қауіпсіздігіне ірткі салу, дамыған немесе даму үстіндегі тыныш жатқан бір елді тоқырауға жіберу, мемлекеттің болашағы ғылым мен білімге байланысты дейміз, сол ілімді менгеріп жатқан жастарды өз қатарларына тарту болып табылады. Ал ұлтты өз діні мен ділінен айырып, тура жолға салам деудің өзі ешбір дәстүрлі дінде жоқ екенін тарихтың салықалы көші талай мәрте дәлелдеп берді.

Адамды адастырушы діндерге кірген бауырларымыз, өз отбасының ойранын шығарып, ата-анасы, туыстарымен басқаша қатынас жасап, өз сенімін насихаттап және өз көзқарастарына өз жақындарын мәжбүрлейді. Кейінгі он жылда жастардың дінге бет бұру ағымы өте жоғары көрсеткішке жеткенімен, рухани дін жолына түскен жастарымыздың дәстүрлі діннен ауытқып, өзгенің жетегінде кеткені басым болып отыр. Ал ислам діні мұсылмандардың өз имандарына берік болуын, адастырушы күштердің арбауына түспеуін, ізгі амал істеп, пайдалы ой және өнім өндіруін бұйырады.

Алғашқы бұйрығы «Оқы» деп келген Ислам діні ең әуелі адамзатты білімге, оқуға үндеді. «Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сый береміз» (Ниса сүресі, 162-аят); «Тал бесіктен көр бесікке дейін білім іздендер», «Білім іздеу мұсылман әйелге де, ерге де парыз» деген хадистерді көкейге түйген мұсылмандар ілім үйренуге талпынып, сауатсыздықты барынша жоюға тырысқан. YIII-XII ғасырларда ғылымның дамуы тұрғысынан мұсылмандарға жетер ешкім болмаған. Еуропадағы мәдениеттің қалыптасуына, ренессанс пен реформалық қозғалыстарға Ислам мәдениеті зор үлес қосқан. Ал біз тарихтан жақсы білеміз, ислам діні ғалымдарға ерекше құрметпен қараған. Мұсылман үмбеті қай ғасырда да ғалымдарды құрметтеп, әр сөзін алтыңға бағалаған.

Адамдар табиғат, қоғам, адам жөнінде оқиды, зерттейді, ізденеді. Сол сияқты есті адам да дін, Құдай жөнінде тереңірек білуі керек. Соқыр сенім деген бар. Бұл – басқалардың немесе үйдегі тәрбиенің, дәстүрдің ықпалымен дінге жүгіну. Бұл бір дінге жүгіну – бұл бір басқа. Дінге бару үшін үлкен әзірлік, ойластырылған шешім болуы керек. Белгілі бір дінге сену үшін оның мәнін, тарихын, талаптарын білу керек. Құдай – адамның ниетінде, сенімінде, жүрегінде. Адам жақсы болған сайын Құдайға жақындайды. Адам адам болғасын, Құдайдай құдіретті қажет етеді, оған сынады, арқа сүйейді. Бұл – білместік, наландық емес. Бұл – адамның рухының биік, оған сезімін оятады, рухын көтереді. Қандай қиындықты да жеңетініне сендіреді. Құдайға үміт арту – адамның өзіне-өзі сенгені. Бәрі де адамның өзіне байланысты. Кейде адам өзіңдегі осы қабілеттерді іске асырмайды, оқымайды, білмейді, үйренбейді. Платонның бір сөзі бар: «Қырсыққа тап болған адам тағдырды, құдайларды, тіпті не болса соны жазғырып жатады, тек өзін емес»[1].

Қазіргі қазақ жастарының басқа дінге, басқа секталарға кіруі олардың дінін, ділін, елінің тарихын, дәстүрін жете білмеуінен. Дінге сену – жеңіл шешім болмауы керек. Көп ойлануды, аса жауапкершілікті қажет етеді.

Дін секілді ең ұлық, ең рухани, ең пәк ұғымды түсіну үшін ақылдың ақылы керек. Ақылы сергек, ойы таза адамдар ғана діннің қадірін білмек, терең ойламақ, таза иманды болмақ. Өйткені иман дегеніміз – сенім. Сенім – ғылым, білім болғанда ғана бекиді. Ислам пікір мен ойға айырықша мән береді. Құранда адамдарды пікір мен ойлауға шақыратын 300-ге жуық аят бар. Дін негіздері еліктеу мен соқыр сеніммен емес, терең

ой мен түсінік арқылы қабылдануы тиіс. Ислам үшін адамзаттың рухани және моральдық дамуы мен сол арқылы барынша кемелденуі өте маңызды.

Қандай да бір шиеленісті тудыратындар – сауатсыздық пен білімсіздік. Ділі мықты, дәті мықты ұрпақтың діні берік болары сөзсіз.

Құранда әрбір адамның дінді таңдауына ерік берілгендігі көрсетілген. Ешкімді белгілі бір дінге кіруге күштеуге тыйым салынатындығы айтылған. Сонымен бірге дінге қарсылық білдіріп, діннен шығу күнә ретінде көрсетілген. Бір діннен екінші дінді жоғары қою, оны кемсіту жанжалға ұрындырады. Адамдар арасындағы дау – жанжалдар дейді үнді даналығы білместіктен (авидья) туындайды. Ислам діні ешкімді алалап бөлмейді.

Діндердің арасында айырмашылық болғанымен сол дінге сенетін адамдардың арасында діннен туатын араздық, алауыздық болуы мүмкін емес. Дін – мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, елжандылық, адамды сүю, бейбітшілік пен тыныштық – дәстүрлі діндерінің басты ұстанымы, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтылмасымыз анық. Қазақстанның тәуелсіздігінің сақталуы, еліміздің аман, жеріміздің тыныш болуы халқымыздың мығым бірлігіне тікелей байланысты.

Қазақ елінің басшылығы да бүгінгі әлемнің жаңа тарихында бұрынғы халифалар мен сұлтандардай бір басшы, бір жолбасшы ретінде дінаралық және ұлтаралық татулық пен үндестік идеологиясын жүргізіп, әлемге бейбітшілік шаңырағын тұрғызуға қадам жасап келеді. Біз Қазақстан халқының діни және этносаралық татулықты ту еткен асыл қасиеттерін әрдайым мақтан тұтамыз. Бұл жетістіктерімізді әлем жұртшылығына үлгі етуге ұмтыламыз. Жаңа мыңжылдықта толастамай отырған әлемнің әр бұрышындағы діни текетірестер мен ұлттық қақтығыстардың алдын алуға ықпал етіп келеміз.

Қазақстанда сан ұлт пен талай дін өкілдері, негізінен алғанда мұсылмандар мен христиандықтың православие тармағының мүмкіндері өзара тату күн кешуде[2].

Қазақстан халқы ұлтаралық, дінаралық татулық жағдайында өмір сүріп жатқан мемлекет ретінде көп елге үлгі. Жас мемлекеттің керегесін керіп, уығын қадасқан бүгінгі ұрпақ ұлттық бірлік пен татулықтың үлгісін көрсетуі керек. Өйткені, ислам дінінің басты мұраты ізгі адамдарды тәрбиелеу. Исламның барлық бұйрықтары да адамды этикалық дамуға, рухани байлыққа, ізгілікке, әділеттілікке, тазалыққа шақыратыны бірізмізге аян.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің қалыптасу кезеңдері. А., 1995
1. Есим Г. Основы религиоведения. Алматы. 2010.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль религии в формировании общечеловеческих ценностей и развитии национальной культуры.

RESUME

The role in formation and development of national culture in article is considered religions of universal values.